

## QAZAQ TILI HAM ÁDEBIYATI KAFEDRASÍ KESHE HÁM BÚGIN

**I.Kuttimuratova,**  
*NDPI, Qozoq tili va adabiyoti*  
*kafedrasi mudiri. f.i.f.d. (PhD), docent*

Қазақ тілі және әдебиеті бөлімі 1954-1955 оқу жылында ашылды. 1956-1957 оқу жылында екінші бітірушілері қабылданды. Кейінгі жылдардан бастап қарақалпақ тілі және әдебиеті бөліміне қазақ тілі және әдебиеті мамандығына студенттер қабылданды. Себебі, сол жылдары қайсы бөлімге қабылданса да, тек ғана бір группа қабылданатын еді.

1960-1961 оқу жылдары тарих-филология факультеті құрамындағы қазақ бөлімін екі топ бітіріп шықты. Бұл түліктердің арасынан Қарақалпақстанға белгілі қоғам қайраткерлері, белсенді оқытушылар, жазушылар, сыншы, тілші ғалымдар шықты. Олардан филология ғылымдарының докторы, профессор Орақбай Доспанов, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қаржаубай Жұмажанов, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Байқазақ Бекетов, жазушы Төлеу Орашбаев, методист оқытушы Қалдыбай Арапов, ақын Тәжіғали Темірқұлов, Қаһарман Бекежанов, журналист Азат Дәулетмуратов, сыншы Тұрмахан Транов және түрлі басшы қызметте істеген Сәбит Раев есімдері белгілі.

Тарих-филология факультетінде қазақ тілі және әдебиеті мамандығында оқып жүрген студенттерді Қаллы Айымбетов, Сражаддин Ахметов, Көшербай Бердімұратов, Айтжан Есемұратов, Алғазы Бекбасов, Р.Г.Тимашева, Жүмек Орынбаев, академик Гайып Непесов, Сұлтамұрат Бекмұратов, Камал Молдахмедов, Орынгүл Қыдырбаева, Балқұйған Ержанова, Мариям Алиева, Жұмырбай Қайырбаев оқытты.

Нөкіс мемлекеттік университетінің ашылуымен оның құрамында қазақ филологиясы бөлімі бірге ашылды. Ондағы білімгерлерді доцент Қайырбаев Жұмырбай, үлкен оқытушы Қаржаубай Жұмажановтар оқыта бастады. 1977 жылы көктемде филология ғылымдарының кандидаты Ұлмекен Салиева, осы жылдың жаз айында Еркебай Мергенбаевтар Алматы қаласынан жұмысқа келіп орналасты. Ал 1979 жылы Байқазақ Бекетов Алматы қаласынан келіп қазақ тілінен мұғалім болып өтті. 1979 жылы Қазақ филологиясы кафедрасы өз алдына кафедра болып құрылды. Оның алғашқы меңгерушісі доцент Ж.Қайырбаев болды. Кафедра ашылған уақытта кафедрада 5 оқытушы жұмыс істеді. Олардан доцент Ж. Қайырбаев, Б. Бекетов ғылым кандидаттары еді. 1980 жылдары кафедраға неміс

тілінің маманы, түркі тілінен кандидаттық диссертация қорғаған Қаразым Амиралиев Неміс тілі кафедрасынан қазақ филологиясы кафедрасына өткізілді. 1983-1985 жылдары Алматы қаласында Е.Мергенбаев және Қ.Жұмажановтар кандидаттық жұмысын қорғап шықты. Солай етіп, 1986 жылы кафедра бойынша 5 ғылым кандидаты сабақ берді. Кафедрадағы ғалымдар саны 1993 жылы 6 адамға, 1994 жылы 7 адамға жетті.

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы 1993 жылы декабрь айында екі кафедра болып бөлінді. Қазақ тілі кафедрасы меңгерушісі болып доцент Б.Бекетов, Қазақ әдебиеті кафедрасы меңгерушісі болып ғылым кандидаты Қ.Жұмажанов сайланды.Өзбекстандағы жоқары оқу орындары арасынан Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтында Қазақ тілі және Қазақ әдебиеті кафедралары болып бірінші ашылған кафедралардан болды. 1990 жыл Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты қайта ашылған кезеңде қазақ тілі және әдебиеті кафедрасында доцент Б.Бекетов, Қ.Амралиев, Қ.Жұмажанов, Е.Мергенбаев, Қ.Аралбаев, К.Хамидуллаев, А.Кәрібаева, Ж. Қоблановтар келешегіміз болған жастарға тәлім-тәрбие жұмыстарын алып барды. Кафедра профессор-оқытушылары, ғалымдары 1990 - 2000 жылдар аралығында бірнеше ғылыми еңбектерді жариялады. Олардан атап айтсақ, Б.Бекетов «Қарақалпақ қазақтарының тілі», Алматы, 1992 ж., Қ. Амралиев «Семантико-грамматические особенности употребления тюркских частиц», 1991 ж., А.Кәрібаева «Физкультура бойынша русша-қарақалпақша терминлер сөзлігі». Нөкіс, 1991 ж., «Спортивная лексика каракалпакского языка», Нөкіс, 1995 жыл, Е.Мергенбаев «Вопросы синтаксиса словосочетаний в тюркских языках». Нукус, 1992 ж., «Түркий тиллерде сөз өзгеріуі системасы», Нөкіс, 1994 жыл., «Қазақ тілінің сөз өзгерім жүйесі», Алматы 1995 жыл, К. Хамидуллаев «М. Мақатаев творчествосындағы қарақалпақ темасы», Нөкіс қаласы, «Журналист» баспасы, 1993 ж. «Мұқағали мұрасы – сөз маржаны» Хожелі, «Достық үні» баспасы, 1993 жыл, «М. Мақатаевтың ақындық шеберлігі» (монография) Нөкіс қаласы, «Білім» баспасынан 1995 жыл, жарық көрді; Қ. Жұмажанов «Асау-Барақ» Хожелі «Достық үні» баспасы 1993 ж, «Халық шайырлары поэзиясында фольклорлық хәм даралық дәстүр», Нөкіс «Билим» 1993 ж, «Абай және қарақалпақ әдебиеті», Алматы, «Санат», 1995 ж, «Абай энциклопедиясы» (авторлар құрамында) Алматы «Атамұра», 1995 жыл.

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетімен, Н. Дәуқараев атындағы тарих, тіл және әдебиеті институтымен жақсы шығармашылық байланыста болумен қатар, Қазақстанның

жоғары оқу орындарымен де байланысты жалғастырып отырды. Біздің филологтарымызға Қазақстан Республикасынан академиктер Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, профессорлар Мархаба Томанов Зұпар Сейтжанов сияқты ғалымдар келіп лекция оқыды. Қазақстан ғылымдар академиясы Тіл білімі институтынан академик Ә. Хайдаров, Ә Жүнісбеков, Әдебиет институтынан профессор Ә. Дербісалин, Р.Бердібаев, Абылай хан атындағы Дүние тілдері университетінен профессор Б.Қалиев, Қызылорда университетінен профессор Ә.Қоңыратбаевтардың есімдерін де құрметпен тілге аламыз.

Соңғы жиырма жылдықтың кезінде де Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мүшелері аға буын ғалым-ұстаз профессор-оқытушылардың ізгі дәстүрін жалғастырып, заман талабына сай мамандарды жетілістіріп шығару үшін аянбай еңбектенуде. Атап айтқанда Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы Қазақстан республикасының “ТОП 1000” жоғары оқу орындарымен келісім-шарт түзіп, үздіксіз байланыс орнатқан. Мысалы, 2020 жыл февраль айында Қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің бір топ студенттері Нұр-Сұлтан қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде бір семестр оқып келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-түрік университеті, Есенов атындағы Каспи мемлекеттік технология және инженеринг университеттерімен келісім-шарт түзіп, үздіксіз байланыс орнатылған.

2019-2020 оқу жылы 5111300 - Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдары білімгерлеріне Қазақстан Республикасы Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті профессоры, ф.ғ.д. Р. Турысбек, ф.ғ.к., доцент А.Бейсенбайлар 0,25 ставкада білім сырларын үйретті. Ал кейінгі екі жылда Қытай Халық Республикасы Орталық Ұлттық Университеті Қазақ тілі және әдебиеті бөлімі профессоры Е.Ауғалы және Қазақстан Республикасы Ш.Есенов атындағы Каспи мемлекеттік технология және инженеринг университеті профессоры Ж.Қоблановтар білім сырларын үйретті.

Қазіргі күнде кафедра “Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи технологиялары және түркі тілдерде зерттелуінің көкейтесті мәселелері» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстарын алып баруда, бұл жоғары оқу орындары профиліне сәйкес келеді.

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасында тек 2020 жылдың өзінде 4 монография баспадан шығарылған. Олар:

1. Ырысты Құттымұратова. “Қоңырат районында жасаушы қазақтар тилинің тарийхий-лингвистикалық сыпатламасы”, Ташкент: «Тафаккур авлоди», 2020. - 100 б.
2. Ырысты Құттымұратова. “Қарақалпақстан Республикасы Қоңырат районындағы қазақ сөйлесиминің лексика-семантикалық өзгешеликleri”, Ташкент: «Тафаккур авлоди », 2020. - 84 б.
3. Турсынай Торткулбаева. “Қарақалпақстан аймағындағы қазақ шайыр жыраулар мийрасы”. Ташкент: «Тафаккур авлоди », 2020. - 172 б.
4. Турсынай Торткулбаева. «Ақын-жыраулар поэзиясы» -Тошкент, Тафаккур бўстони, 2020. -168 б.

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы негізгі штатта 6 профессор-оқытушы болып, олардан 1 ғылым докторы, 2 PhD., доцент, 1 үлкен оқытушы және 2 ассистент оқытушы. Ғылыми дәрежелік 50% ды құрайды